

- 25 Ermakov E.G. Organizacionno-pravovye osnovy dejatel'nosti organov vnutrennih del po bor'be s detskoj besprizornost'ju i beznadzornost'ju v gody Velikoj Otechestvennoj vojny i poslevoennyj period (1941-1950 gg.): dis. . kand. jurid. nauk. M., 2002.
- 26 Kozybaev M.K. Kazahstan - arsenal fronta. – Alma-Ata, 1970. – 473 s.
- 27 Gil'manov Z. Tatarskaja ASSR v Velikoj Otechestvennoj vojne 1941-1945 gg. – Kazan', 1977. – 296 s.
- 28 Bazarova R.A. Sovetskij Turkmenistan – frontu, 1941-1945. – Ashhabad: Ylym, 1978. – 282 s.
- 29 Korimbaev S.K. Sovetskij Kirgizstan v Velikoj Otechestvennoj vojne 1941-1945 gg. – Frunze: Ilim, 1980. – 301 s.
- 30 Gosudarstvennyj arhiv Aktjubinskoy oblasti, f.13, op.12, d. 32.
- 31 Sbornik zakonodatel'nyh i normativnyh aktov o repressijah i rehabilitacii zhertv politicheskikh repressij. – M., 1993. – 222 s.
- 32 Kuz'min O.V., Poceluev E.L. K voprosu o prestupnosti uchashhihsja srednih special'nyh uchebnyh zavedenij RSFSR v 1941-1945 gg. // Social'no-politicheskie problemy Velikoj Otechestvennoj vojny 1941-1945 gg. – Kostroma, 1992. – S.133-134.
- 33 www.libussr.ru Bibliotekanormativno-pravovyh aktov SSSR// Postanovlenie SNK SSSR «Ob ustrojstve detej, ostavshihhsja bez roditelej» ot 23 janvarja 1942 g.
- 34 Gosudarstvennyj arhiv Rossijskoj Federacii (dalee GA RF), f.5446, op. 1, d. 215.
- 35 GA RF, f. 5451, op. 28, d. 28.
- 36 GA RF, 5446, op. 9, d. 9.
- 37 GA RF, f. 5446, op. 46, d. 3826.
- 38 Chernenko M. Svoi i chuzhie. – M., 2001. – 237 s.
- 39 Istorija Velikoj Otechestvennoj vojny Sovetskogo Sojuza. 1941-1945. T.3. – M., 1961-1965. – 647 s.

Information about author:

Kylash Dzhumagaliyeva, S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Kazakhstan history Department, c. h. s., Acting associate Professor professor of the Russian Academy of Natural Sciences, Nur-Sultan s., Kazakhstan, E-mail: d_kylash@mail.ru

DOI

ӨОЖ 811.512

FTAMP 15.31.31

А.Т.Садықова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: a.tazhigaliyeva@mail.ru

ЖАНРЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселенің бірі болып келе жатқан жанр мәселесі қозғалады. Әдеби байланыс пен көркемдік ізденіс туралы айтылғанда жалпы ұлттық әдебиетімізге келген әдеби процесс толық қаралады. Әдеби процесте әрбір жанрдың қалыптасу, даму жолдарына қысқаша тоқтала келе, төл әдебиетімізге жаңа жанрлардың келуі, ондағы ұлттық ерекшелік мәселелері де сөз болады. Жанр үнемі даму үстінде болады. Мақалада белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, жанрлық дәстүр мәселесіне тереңірек тоқталамыз. Әдеби байланыстың әдеби жанрлардың дамуындағы орны айтыла келе оның алғашқы түрі – еліктеуге де өз пікірімізді білдіреміз. Әлем әдебиетінде қалыптасқан типологиялық дәстүр жолымен келген сонеттер табиғатына талдау берілді. Сонет – қазақ әдебиетіне XX ғасырдың аяғында келген жаңа жанр. Ол негізінен әдеби аударма арқылы келген.

Ұлттық әдебиеттің даму процесінде әдеби байланыстың алар орны ерекше. Әсіресе көркем аударманың ролі үлкен. Бірақ олардың қай-қайсысында да ұлттық ерекшелік сақталады. Әлемдік әдебиет деңгейіне көтерілген үздік көркем туындылардың әдебиеттану ғылымындағы орны бөлек. Рухани салада

көптеген классикалық мәдениет үлгілері жасалды. Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, өнеріміздің озық үлгілерін зерттеп, жариялауға үлкен мүмкіндіктер жасалды. Жанр – тарихи категория, сондықтан әдеби процесте атқарар жұмысы да мол. Мақалада ақындар Х.Ерғалиев, К.Салықов, Е.Әукебаев сонеттерінің ерекшеліктеріне талдау берілген.

Негізгі сөздер: рухани байланыс, сонет жанры, әдеби дәстүр, ұлттық әдебиет, жанр табиғаты, классикалық.

Негізгі бөлім

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталатын екінші бөлімінде ұлттық жаңғыру жолында жүзегі асуға тиіс бірнеше міндеттер алға қойылған еді. Оның алғашқысы – «Жаңа гуманитарлық білім». Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық атауымен берілген жаңа жобаны жүзеге асыру міндетті. Рухани салада көптеген классикалық мәдениет үлгілері жасалды. Енді осыларды әлем халқына таныту, әдеби-мәдени жауһарларымызды өзге елдерге паш ету мақсаты қойылды. Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, өнеріміздің озық үлгілерін зерттеп, жариялауға үлкен мүмкіндіктер туды.

Белгілі жазушы Н.Оразалин «Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылдың 26 сәуіріндегі санында жарияланған «Елдіктің ерен сөзі» мақаласында бұл мәселеге байланысты өзінің келелі пікірін жазған болатын. Жалпы әдебиеттану ғылымында жанр маңызды мәселелердің бірінен танылады. Жанрды жіктеп, тарату жөніндегі ғылыми тұжырымдар, пікірлер әр қилы. Дегенмен зерттелген мәселелерді жүйелеп қарасақ, негізінен, ғалымдар пікірінің үш ғылыми бағытта топтасқанын байқаймыз. Бұл ретте Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Поспелов, Л.Тимофеев пікірлері екінші бағыттағы ғалымдар Г.Абрамович, Е. Ысмайлов, Л.Шепелева пікірлерінен алшақ кетпейді. Зерттеу еңбектерінде жанрлық түр мен жанр мәселесін қатысты пікірлер өте көп.

Бұл салада қазіргі кезеңде еңбек етіп жүрген ғалымдар көркем шығармалар түрлерін жанр деп қарастырады. Шын мәнінде жанр – тарихи категория. Сондықтан әр жанрдың даму сипаты белгілі бір кезеңге байланысты. Өйткені әдеби процесте жанрдың дамуына әсерін тигізетін тарихи-әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық факторлар болатыны белгілі. Академик Зәки Ахметов «Әдебиеттану: терминдер сөздігі» атты еңбегінде көркем әдебиеттің көп салалы өнер туындысы екендігін айта келе, оның құрылысы, көркемдік сипатына талдау жасайды. Жанр ұғымының қалыптасу тәсіліне тоқтай келе, оның негізгі үш түріне анықтама береді. Олар эпостық, лирикалық, драмалық жанр түрлері.[1,145-146].

Жанр мәселесін зерттеуші ғалым Б.Әбілқасымов әр жанрдың қалыптасу тарихына тоқтала келе, қай жанр болмасын оны тудыратын белгілі бір тарихи шарттары болатынын айтады. Одан әрі: «Толғау жанры қазақ қоғамының мемлекет болып қалыптасқан кезеңде, дәлірек айтқанда, хандық дәуірде ғана жан-жақты дами алды. Олай болуының себебі жыраулар институтының функцияларына байланысты еді», - деп тұжырым жасайды. [2,4]

Ауыз әдебиетінің түрлері барлық ұлт әдебиетінде бар. Олардың арасындағы сабақтастық байланыс арқылы қазақ әдебиетіне жаңа түрлерінің енуіне ықпал етті. Бірақ ұлттық түр, дәстүр сақталып, қоғам дамуына, жаңа талап-сұраныстарға байланысты форма, мазмұн жағынан толығып, өзгеріп отырады. Тарихи роман, мемуарлық роман, роман-эссе түрлері, сонеттер топтамалары тың қарқынмен дамыды. Ірі-ірі жанрлар туып, әдебиетіміз әлемдік деңгейге танымал болды.

Қазақ әдебиетінде сонет жанрының қалыптасуын жалпы қазақ поэзиясындағы жанрлар дамуының контекстінде қарастырамыз. Даму, өсу, өзгеру әрбір жанрға тән заңдылық. Ол туралы академик-жазушы З.Қабдолов жанр мәселесіне « Әдебиет

теориясының негіздері атты еңбегінде талдау береді. Тарихи кезеңнің қай-қайсысында болмасын олар түп нұсқасын сақтай отырып, оған өз ерекшеліктерін енгізеді, өйткені «ол тірі процесс» (автор сөзі) өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады. Бұл да әр әдебиеттің тарихи тағдырлары мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады», - дейді. [3,311]

Қазақ әдебиетінде сонет жанрының қалыптасуының өзіндік көркемдік заңдылықтары бар. Әрбір ұлттық әдебиетте белгілі бір жанрдың қалыптасуына өз шығармаларымен еңбек етіп, тарихи мазмұны жағынан ерекше есте сақтар туындылар қалдырған суреткерлер баршылық. Әрбір жанрдың ұлттық әдебиетке келу жолында ортақ заңдылықтар болуымен қатар, өзгешеліктер де, ұлттық ерекшеліктер де болады.

Қазақ әдебиетіне сонет жанрының келуі өткен XX ғасырдың 60-жылдарынан кейін ғана бастау алған. Алғаш бірде-екілі осы жанрда жазғандар болса, кейін аударма арқылы келген бұл жанр төл сонеттерімізбен толыға түсті.

Қазақ ақындары Хамит Ерғалиев пен Ғафу Қайырбеков ағылшын ақыны У.Шекспир мен поляк ақыны А.Мицкеевич сонеттерін аударып қана қоймай, Европада қалыптасқан екі ірі сонет мектебін ұлттық әдебиетімізге енгізді. «Сегіз аяқ» дәстүрімен жыр үлгісінде берілген ерекше тәжірибемен жазылған сонеті өлең өрнегіне өзгеше түр әкелді. Екі тармақты сегіз шумақтан тұратын 47-сонеті парсы-тәжік классикалық поэзиясында қалыптасқан ғазал үлгісінде жазылған. Бұрын болмаған жаңа түр деп танымыз. Х.Ерғалиев барлық сонеттерінде формалық және құрылымдық жағынан «ағылшын сонеті» мектебінің дәстүрін жалғастыра отырып жеткізеді. Жалпы мазмұн-мағынасы, композициялық-құрылымдық жүйесі, стильдік даралығы айқын көрініп тұрады.

Жанрлық формасы айқын, ғасырлар тезінен талмай өтіп бүгінгі күнге саф алтындай таза жетіп отырған бұл жанр көркем сөз өнеріндегі өзінің қуатын, даралық өзгешелігін танытты.

Әдеби байланыстың негізінде ұлттық әдебиетке жаңа жанр келсе, солар арқылы төл сонеттер пайда болды. Бұл – заңды көркемдік құбылыс. Ақын Кәкімбек Салықов сонеттері мазмұн тереңдігімен, даралық стилімен өзгешеленді.

Өйткені ақын қаламынан сонеттің жаңа үлгілері туды. Ақынның осы жанрдағы шығармалары, соның ішінде «Сонеттен тізген гүлтәждері» ұлттық әдебиетімізге, поэзиямызға тыңнан жаңа түр енгізді. Портрет жасау, ғұмырнамалық-философиялық мазмұн беруі де Кәкімбек Салықов ақынның тума талантын, биік талғамын танытқан құбылыс. Бұл ретте аударма мәселесінің де орны ерекше. «Онда нәзік психология түгел сақталуы тиіс,» - дейді ғалым Ө.Күмісбаев. [4,38]

Шындығында қазақ әдебиетінде сонет шоғарының дүниеге келуі – қазақ поэзиясының ұлттық негізінің, дәстүр қуатының, көркемдік бояуының, тілдік байлығының молдығын байқататын поэтикалық құбылыс екенін дәлелдейді.

Қазақ әдебиетінде сонет жанрының қалыптасуына ақындар Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Есет Әукебаев, Кәкімбек Салықов, Иранбек Оразбаевтар белсене ат салысты. Осындай ақиық ақындар арасында аз зерттеліп жүрген ақын Есет Әукебаев шығармаларының құндылығы туралы әр жылдары С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, З.Қабдолов, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев сынды белгілі қалам иелері мен зерттеушілері пікір білдірген еді. Тек лирика жанрында емес, кең тынысты поэмалар жазғаны да белгілі. Есет Әукебаев шығармаларының ерекше саласы да сонеттері. Тақырыптық, құрылымдық, формалық, мазмұндық әрі тілдік жағынан да өзгеше туындылар.

Кейбіреулері көп көріністі суреттермен беріледі, адамның өзі жүріп өткен өмірінің түйіні сияқты әсер қалдырады. Әдеби сюжетті үлкен жанрлардың микро-әдеби түрі

іспеттес, әдеби шығармаға тән типтік ерекшеліктер сақталған. Үлкенге, кішіге, замандасқа өзінің өмірден түйген көзқарас танымын айтады. Портреттік сонет негізін тұңғыш енгізген ақын Есет Әукебаев өзгеше мәнермен «сицилия мектебі» дәстүрінде, яғни жеті ғасырлық дәстүрі бар канондық формада сонеттер жазған. Канондық дәстүрді сақтағанмен өзіндік көркемдік ізденіс жасап, ұлттық дәстүрмен үйлестірген.

Ақын Иранбек Оразбаев сонеттерінде жалпы қазақ поэзиясына тән екпін, интонация үндесіп келеді де, ұшқыр поэтикалық көңіл-күй әкеледі. «Бар әлемді поэзия тербетсе» деген жолдары арқылы жалпы тазалық әлеміне, адамзат қоғамына ақындық көзқараспен қарап, өз қиял әлеміндегі бақыт орнар дүниені елестетеді. Қазақ әдебиетіне келгеніне көп болмаса да бұл жанр әлемдік әдебиетте қалыптасқан жанрлық дәстүрлердің барлық ерекшелігі арқылы ұлттық әдебиетте көрініс таба білді.

Сонет – қазіргі кезең поэзиясында кең тараған жанр, бірақ соған қарамастан лириканың ең қиын жанры болып қала береді. Бұл жанрға қалам тартқан суреткер өзіне дейінгі ұлттық әдебиетте қалыптасқан көркемдік дәстүрмен өз шығармашылығында белгілі бір шеңберде ғана жанасады. [5,122]

Академик Заки Ахметов бұл мәселе тұрғысында «Өлең сөздің теориясы» атты еңбегінде сөз өнерінің суреттелігіне ғылыми баға бере келе, ақынның өзін тебіrentкен жайлар ой-сезімдеріне, қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты болады да, шығармаларында айқын көрініс табатындағын айтады. [6,111]

Олай болса, ұлттық әдебиетіміз төрінен орын алған бұл жанр қазақ поэзиясына келуі де кездейсоқ құбылыс емес, көркемдік құбылыс деп танымыз. Әрі бұл құбылыс ұлттық әдебиетімізде поэтикалық жанр дәстүрінің қуатты дәстүрлік болмысын байқатады. Сөз өнерінің ішіндегі құдыреттісі де поэзия.

Бұл жөнінде тағы да академик Заки Ахметовтың мына бір пікіріне жүгінуді жөн көрдік. Поэзияның сөз өнерінің ішіндегі ең көркем құбылыс екенін, адамзаттың ой-санасының, өмірді танып-білудің күшті құралы екендігін айтады. [7,77]. Әдебиетке келген әрбір жанрдың ерекшелігі де сонда болса керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметов З. Жанр Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998ж. 145-146 бет.
- 2 Әбілқасымов Ғ. Телқоңыр. Алматы, Ата-мұра – Қазақстан, 1993ж. 4 бет.
- 3 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Мектеп, 1970ж. 311 бет.
- 4 Күмісбаев Ө. Аударма. Терминдер сөздігі. Алматы, 1998ж. 38 бет.
- 5 Садықова А. Қазақ поэзиясындағы сонеттер. Монография. Атырау, 2001ж.122 бет.
- 6 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973ж. 111 бет.
- 7 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995ж. 77 бет.

ЖАНРОВЫЕ ТРАДИЦИИ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

Статья посвящена одной из самой актуальной в казахской литературе теме – жанр. Когда речь идет о литературных связях и творческих занятиях, подробно рассматривается литературный процесс, пришедший в нашу национальную литературу. Если сделать краткий обзор на становлении и развитии каждого жанра в литературе, то параллельно будут затронуты развитие новых жанров в казахской литературе и их национальные особенности. Жанр постоянно развивается. В статье, опираясь на мнения известных литературоведов, мы остановимся на теме жанровой традиции. Говоря о роли литературного общения в развитии литературных жанров, мы также высказываем свое мнение о первой форме - имитации. Анализ природы сонетов, пришедших методом типологии в мировую литературу. Сонет - новый жанр, появившийся в казахской литературе в конце XX века. Это произошло в основном за счет художественного перевода.

Литературные связи занимают особое место в развитии национальной литературы. Особенно важна роль художественного перевода, но в каждом из них есть национальные отличия. Лучшие произведения искусства, поднявшиеся до уровня мировой литературы, занимают особое место в литературоведении. В духовной сфере создано много образцов классической культуры. Есть прекрасные возможности для исследования и публикации лучших образцов нашей национальной литературы, культуры и искусства. Жанр - категория историческая, поэтому в литературном процессе предстоит большая работа. В статье рассматриваются особенности сонетов поэтов Х. Ергалиева, К. Салыкова, Е. Аукебаева.

Ключевые слова: духовная связь, жанр сонетов, литературная традиция, национальная литература, природа жанра, классический.

GENRE TRADITIONS AND NATIONAL CHARACTERISTICS

The article is devoted to one of the most relevant topic in Kazakh literature - genre. When it comes to literary ties and creative pursuits, the literary process that has come into our national literature is examined in detail. If you make a brief overview on the formation and development of each genre in literature, then in parallel the development of new genres in Kazakh literature and their national characteristics will be touched upon. The genre is constantly evolving. In the article, relying on the opinions of famous literary critics, we will focus on the topic of genre tradition. Speaking about the role of literary communication in the development of literary genres, we also express our opinion about the first form - imitation. Analysis of the nature of the sonnets that came to the world literature by the method of typology. Sonnet is a new genre that appeared in Kazakh literature at the end of the 20th century. This was mainly due to literary translation.

Literary ties occupy a special place in the development of national literature. The role of literary translation is especially important, but each of them has national differences. The best works of art, which have risen to the level of world literature, occupy a special place in literary criticism. In the spiritual realm, many examples of classical culture have been created. There are great opportunities for research and publication of the best examples of our national literature, culture and art. Genre is a historical category. Therefore, a lot of work lies ahead in the literary process. The article analyzes the features of the sonnets of the poets Kh. Ergaliev, K. Salykov, E. Aukebaev.

Key words: spiritual connection, genre of sonnets, literary tradition, national literature, genre of nature, classics.

Information about author:

Aisulu Sadykova, Candidate of Philological Sciences, Associative Professor of the Department of Kazakh Language and Literature, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, 1 Student Avenue, Atyrau, Kazakhstan, +77016863518. E-mail: a.tazhigalieva@mail.ru

DOI

УДК 327(075.8)

МРПТИ 81.09.81

K.Zhumabaeva¹, M.Sapanova²

¹ Al-Farabi Kazakh National University

²Expert, the branch of "Academy of public administration under the President of the Republic of Kazakhstan" in Almaty
Almaty, Kazakhstan

SOME ISSUES PERIODIZATION OF CHINA'S FOREIGN POLICY

The article deals with some issues of periodization of China's foreign policy, political traditions and modern foreign policy concepts of China in the relations of Central Asian countries.